

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы Президентінің «Жаңа жағдайдағы Қазақстан:іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру аясында «Еліміздің кіріс әкелетін саласы ретіндегі химия өнеркәсібін дамытудың ағымдағы жай-күйі және перспективалары туралы» тақырыбына арналған дөңгелек үстел қорытындылары бойынша
ҰСЫНЫМДАРЫ

Нұр-Сұлтан қаласы

2020 жылғы 14 қазан

Мемлекет Басшысы 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында елдің өнеркәсіптік әлеуетін толық пайдаланудың аса маңызды екенін атап өтіп, батыс өңірлерін мұнай-химия кешендерін салып, жоғары деңгейдегі қайта өңдеу ісінің жаңа өндірістік циклдарын құру үшін инвестиция тартатын орталық ретінде қалыптастыру міндетін қойды.

Химия саласы Қазақстан экономикасының стратегиялық маңызды және басым секторларының бірі болып табылады. Бүгінгі күні жалпы ішкі өнімнің құрылымындағы химия саласының үлесі шамамен 0,5%-ды құрайды. Қазақстан өнеркәсібінің неғұрлым жоғары технологиялық салаларының бірі бола отырып, сала экономиканың түрлі секторларын, оның ішінде тау-кен металлургия кешенін, машина жасауды, ауыл шаруашылығын, құрылысты, мұнай өнеркәсібін, тамақ саласын, фармацевтиканы және т. б. қамтиды.

Сондай-ақ химия өнеркәсібі жыл сайын оң өсу қарқынын көрсететін өңдеуші өнеркәсіптің серпінді дамып келе жатқан салаларының бірі болып табылады, сол арқылы экономиканы әртараптандыруда маңызды рөл атқарады және жоғары мультипликативтік әсері бар сабақтас салалардың дамуына ықпал етеді. Мысалы, мұнай-газ химиясы саласында ғана әрбір доллар экономикада 2-3 доллар өсім береді және әрбір жаңа жұмыс орны 7 жаңа жұмыс орнын құруға ықпал етеді.

Қазақстанның химия саласы үлкен өсу әлеуетіне ие және отандық экономиканы дамытудың негізгі локомотивтерінің бірі бола алады.

Химия саласын одан әрі дамытудың маңыздылығы мен қажеттілігін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшелері, басқа да қатысушылар «Қазақстан Республикасы Президентінің «Жаңа жағдайдағы Қазақстан:іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру аясында «Еліміздің кіріс әкелетін саласы ретіндегі химия өнеркәсібін дамытудың ағымдағы жай-күйі және перспективалары туралы» тақырыбына арналған дөңгелек үстелде қаралған мәселелер мен ұсыныстардың қорытындылары бойынша:

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІНЕ:

1. Заттай гранттар, жеңілдікті қаржыландыру, ішінара кепілдік беру, экспорттық қолдаудың толыққанды тетіктерін ұсыну, салық міндеттемелеріне қарсы есепке алу жолымен инвесторлардың күрделі шығындарының бір бөлігін өтеу, өнімді кепілдендірілген түрде сатып алу, жобаны іске асырудың бүкіл мерзіміндегі заңнамалық талаптардың тұрақтылығын ұсынуды көздейтін мемлекеттік қолдаудың жаңа құралы – стратегиялық инвестициялық келісімді енгізу бөлігінде Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігін қарастыруды;

2. Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қоршаған ортаны қорғау, сондай-ақ отандық өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігіне қолдау жасау мақсатында Қазақстанда пайдалы қазбаларды игеру кезінде пайдаланылатын аса қауіпті улы заттарды әкелуге 20%-ға дейін кәдеге жарату алымын енгізу бөлігінде «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының Кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігін қарастыруды;

3. Отандық өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігіне қолдау жасау және кәсіпорындардың өндірістік қуаттарын қамтамасыз ету мақсатында жер қойнауын пайдаланушылар үшін ел ішінде өндірілетін табиғи ресурстарға сұранысты қолжетімді бағамен қанағаттандырудың басымдығы туралы талаптарды белгілеу бөлігінде «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 21 мамырдағы № 355 бұйрығымен бекітілген Жер қойнауын пайдаланушылар мен олардың мердігерлерінің пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөнінде операциялар жүргізу кезінде пайдаланатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларына өзгерістер енгізу мүмкіндігін қарастыруды;

4. Қазақстан Республикасында тіркелген препараттарды Қазақстан Республикасының аумағында өндіруге (формуляциялауға), әкелуге, сақтауға, тасымалдауға, өткізуге және қолдануға рұқсат етілген тіркелген пестицидтердің тізбесін өзектендіру тетігін ендіру бөлігінде «Өсімдіктерді қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігін қарастыруды;

5. Химия саласын мемлекеттік қолдаудың көрсетілетін шараларын кеңейту мақсатында химия өнеркәсібін экономиканың басым секторларының тізбесіне енгізу бөлігінде «Бизнестің жол картасы-2025» мемлекеттік бағдарламасына өзгерістер енгізу мүмкіндігін қарастыруды;

6. Қарсы міндеттемелерге айырбастау шеңберінде лизинг алушының ең аз жеке қатысуын 0%-ға дейін белгілей отырып, химия өнеркәсібі кәсіпорындары үшін «ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыру» жаңа құралын

енгізу бөлігінде «Бизнестің жол картасы-2025» мемлекеттік бағдарламасына өзгерістер енгізу мүмкіндігін қарастыруды;

7. «Бизнестің жол картасы-2025» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде химия өнеркәсібінің экспортқа бағдарланған кәсіпорындарына логистикалық тізбектерді нығайту және шетелдік нарықтарға қолжетімділікті кеңейту бөлігінде мемлекеттік қолдаудың қаржылық емес шараларын көрсету мүмкіндігін қарастыруды;

8. Экспорттық нысандардағы (СТ-1, СТ-2, EAV, A, түпнұсқа) тауардың шығу тегі туралы сертификат алудың оңайлатылған рәсімін енгізу, сондай-ақ сертификаттың қолданылу мерзімін 36 айға дейін ұзарту бөлігінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 24 ақпандағы № 155 бұйрығымен бекітілген Тауардың шығарылған елін айқындау, тауардың шығу тегі туралы сертификат беру және оның күшін жою жөніндегі қағидаларға өзгерістер енгізу мүмкіндігін қарастыруды;

9. Минералдық тыңайтқыштардың отандық өндірушілерін қолдау және ынталандыру мақсатында импорттық тыңайтқыштардың мөлшерін және оларды субсидиялау нормаларын төмендету бөлігінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 107 бұйрығымен бекітілген Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларына өзгерістер енгізу мүмкіндігін қарастыруды;

10. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің құрылған Өнеркәсіпті дамыту қорының міндеттері мен мақсаттарына химия өнеркәсібі саласын дамытуды қосу, сондай-ақ химия өнеркәсібі жобаларына кепілсіз кредит беру тетігін ендіру мүмкіндігін қарастыруды;

11. Тауарлармен (қызметтермен) өзара тиімді алмасуды кеңейту, өнеркәсіптік ынтымақтастық және ғылыми-техникалық проблемаларды бірлесіп шешу мақсатында ҚР СТ ұлттық стандарттарын Халықаралық стандарттау жүйелерімен үйлестіру жөніндегі жоспарды (Жол картасын) әзірлеу және бекіту мүмкіндігін қарастыруды;

12. Өзбекстан, Қырғызстан сияқты көрші мемлекеттердің тәжірибесін ескере отырып, отандық өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында аса қауіпті улы заттардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне Рұқсаттар мен лицензиялар беруді шектеу жолымен көрінімді шараларды қолдану мүмкіндігін қарастыруды **ҰСЫНАДЫ.**